



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

туралы орыс ғалымы А. Левшин былай дейді: «Абылай тәжірибесі, ақыл – айласы жағынан болсын, қол астындағы халқының саны, күші жағынан болсын, сондай-ақ өзінің Ресей патшалығымен, Қытайдың боғда ханымен жүргізген тапқыр, шебер қатынастары жағынан болсын өз тұсындағылардың бәрінен де басым еді. Ол ұстамды, досына мінәйім мінезді, жауына қатал, қаһарлы кісі еді. Сондықтан жұртты өзіне тарта, ерте білетін еді»[4].

Қолданылған әдебиет:

1. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007
2. Шоқан Уәлиханов. Абылай. – кітапта: Абылай, Алматы, 1993, – 6-7 беттер
3. Зарқын Тайшыбай «Қазақтың ханы – Абылай» Екінші том, Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2011. – 426-427 беттер
4. Нәсенов Б. «Мәскеу архивтері сөйлейді» - Алматы – Новосибирск , 2011 – 729 бет

ӘОЖ 94

АҚМОЛА Өңіріне шаруаларды қоныстандыру саясаты ТАРИХЫНАН

(XIX ғас.екінші жартысы – XX ғасырдың басы)

Бекенов Т.Т.

Temur_bekenov@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-ті, тарих мамандығының 2 курс магистранты

Ғылыми жетекші: Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор.

Қазақ жерін XIX ғасырдың екінші жартысына қарай Патша өкіметі толық жаулап алғаннан кейін, өз саястын шексіз жүргізуді мақсат тұтты. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін – ол өзінің отарлау саясатының ең сенімді әдістерінің бірі – орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыру саясатын жүргізуге ерекше мән берді. Соның ішінде, біз II Александрдың бұйрығы негізінде 1868 жылы 21 қазанында құрылған Ақмола облысында жүргізілген қоныстандыру саясатын қарастырғалы отырмыз.

Сонымен қатар Патша өкіметінің аграрлық саясатының да ажырамас бөлігі қоныстандыру саясаты болды. Помещиктер мен империалистік буржуазияның мүдделеріне сай келген қоныс аудару мәселесіне патша өкіметі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қатты назар аударды. Өйткені, Ресейде басыбайлықтың жойылуы және әлеуметтік-әкімшілік жөніндегі реформалар аграрлық мәселені толық шешкен жоқ, Ресейдің орталық аудандарында шаруалардың толқулары тоқтамады. Осындай жағдайда патша өкіметі шаруалардың назарын революциялық қозғалыстан аудару үшін бірқатар шаралар қолданды. Қоныс аудару саясаты сол шаралардың бірі еді. Сібірді Қазақстанның солтүстік-батыс, орталық және оңтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы патша өкіметі Орталық Ресейден шаруаларды қоныс аудартып, жаңа жерлерде солар арқылы өзіне әлеуметтік тірек жасамақ болды.

Қазақ даласына алғаш қоныс тепкендер ішкі Ресейдің казактары болатын. 1846-1850 жж. Қазақ жеріне 3852-дей орыс шаруалары мен казактары қоныс аударылды. Осы кезде Ақмола өңірінде шаруалар баса-көктеп қоныс аударып, шұрайлы жерлерді иемденіп алды. Бұл аймақта адам саны мен инфрақұрылым мөлшері жағынан ірі дәрежедегі Ақмола және Атбасар уездеріндегі екі казак станицалары қоныс тепті[1, 271].

Ақмола облысына 1860-1890 жж. аралығында 20350 адам қоныстанды. Олардың жартысынан астамы соңғы үш жылда (1888 – 1890 жж.) келді. Миграция санының кенеттен бұлай күрт өсуі көбіне миграция жөніндегі заңдардың оңтайландырылуынан болды. Ақмола облысында 1860 жылы қоныстанушылардың саны 150 адам болса, ал 1879 жылы 1800 адамға, 1890-1891 жылдары 11870 адамға, 1895 жылы 22104 адамға және 1900 жылы 15666

адамға жетті[2]. Осы өңірге қоныс аударған шаруалар негізінен Самара, Саратов, Уфа, Дон, Курск, Киев, Чернигов т.б. да Ресейдің ішкі губернияларының келді. Сонымен қатар, Ақмола облысына басқа да ұлт өкілдері келе бастады. Олардың арасында татарлар, немістер, поляктар, мордвалықтар, еврейлер, қалмақтар, башқұрттар, т.б. болды.

1897 жылғы мәлімет бойынша Ақмола облысының халық саны және қоныстанған басқа да ұлт өкілдері төмендегідей болды:

Қазақтар – 427389 адам 62,6 %

Орыстар – 174292 адам 25,5 %

Украиндар – 51103 адам 7,5 %

Татарлар – 10819 адам 1,6 %

Мордва – 8546 адам 1,3 %

Немістер – 4791 адам 0,7 %

Беларустар – 246 адам 0,002 %

Поляктар – 1142 адам 0,1 %

Еврейлер – 1623 адам 0,2 %

Басқалар – 2667 адам 0,5 %

Барлығы – 682608 адам болды [3, 57].

Ақмола облысына келген қоныстанушылардың көпшілігі Ақмола мен Көкшетау уездеріне қоныстанды. Облысқа қоныстанған орыс ұлтының 40,4 % шаруалар, 33,3 % казак әскерілері, 18,5 % мещандар болды [3, 63]. Орыстармен қатар аймаққа белорустар мен украиндар да қоныстардырылды. 1895 жылдың қаңтарынан бастап немістер де аймаққа көшіріле бастады. Немістер негізінен облыстың оңтүстік аймағына көшірілді. Қазақстанның солтүстігіндегі қазіргі татар диаспорасы осы кезде пайда болды.

Зерттеуші Қ.Қ.Абуев «Кокшетау. Исторические очерки» атты еңбегінде мол мұрағат құжаттары мен бірқатар деректер негізінде өлке тарихына байланысты көптеген мәселелердің мәнін ашып көрсеткен. Зерттеуші патша үкіметінің қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныстандыру саясатының нәтижесінде, аймақтың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы күйзеліске ұшырап көптеген жергілікті қазақтар отырықшылыққа көшуге мәжбүр болды және астық тұқымының тапшылығынан көптеген қазақ шаруалары жатақтар санын ұлғайта түсті деген қорытындыға келеді. Кедейленген қазақтар өздерінің едәуір ауқатты туыстарының немесе казак офицерлерінің егістік алқаптарында еңбек етіп, Көкшетау уезінде егіншілікпен барлық қазақ шаруашылықтарының 22,3 % айналысқан деп тұжырымдайды зерттеуші [5, 57 б].

1889 жылы 13 шілдеде Патша өкіметі «Жеке меншік жерлерге қалаларда тұратын төменгі тап өкілдерін көшіру жөнінде» арнайы ереже шығарды. Аталған ереже бойынша қоныстанатын аймақтар Том және Тобыл губерниялары мен Қазақ даласы болды [4, 164]. Ереже бойынша, Ақмола облысына орыс шаруаларының өз еріктерімен қоныс аударуға рұқсат етілді. Сөйтіп, үкімет ресми түрде қоныс аударушыларға өлке халқының жерін басып алуға мүмкіндік берді. Оларға көптеген жеңілдіктер жасалды: қоныс аударушыларға 30 сомнан 100 сомға дейінгі ақша мөлшерінде қарыз алу, жан басына шаққанда 15-тен 30 десятинаға дейін жер иелену құқығы берілді. Оған қоса, шаруалар қоныстанған уақыттан бастап, 3 жыл мерзімге салық төлеуден босатылса, ал одан кейінгі 3 жылдың ішінде салықтың жартысын ғана төлейтін болды.

1890 жылы Ақмола облысына Ресейдің 32 губерниясынан 15000-нан аса, орыс шаруалары қоныс аударса, ал 1889 жылдан бастап 1891 жылдар аралығында қоныс аударушылардың саны 6500-ден 28000-ға дейін өсті [5, 72]. Егер 1869 жылы Ақмола облысы жаңадан құрылған кезде, өлкеде жалпы 375370 халық мекендеп, оның ішінде 273370-і қазақ тұрғындары және 101910- орыс тұрғындары болса, ал 25 жыл ішінде яғни 1891 жылы қазақтардың саны -95769 адамға (35 %-ға), ал қоныс аударушылардың саны – 88352 адамға (80%-ға) өсті [6, 11 б].

1892 жылдың 10 желтоқсанында құрылған «Сібір темір жолының арнайы комитетіде» қоныс аудару қозғалысына өз әсерін тигізді. Осыған орай Патша өкіметі 1893 жылы 24

акпанда «Сібір темір жолы аудандарында қоныстандыру және қосымша учаскелер құру үшін уақытша ережені» қабылдайды. Осы ереже бойынша, Сібір теміржолы арқылы қоныстандыру үшін арнайы комитет құрылды. Комитеттің арнайы жүргізген жұмыстарының барысында, 1893 және 1894 жылдары Петропавл уезінде – 23, ал Омбы уезінде – 20 қоныстандыру учаскелері құрылды (жалпы көлемі 468539 мың десятина жер) [7, 10 б].

1860 – 1890 жылдары Ақмола облысына қоныстану барысы

Жылдар	Отбасылар саны	Қонысанушылар саны
1860 – 1875	30	150
1876 – 1878	227	1700
1879 – 1881	304	1800
1882 – 1884	373	2200
1885 – 1887	418	2500
1888 – 1890	2140	12000
Барлығы	3492	20350

[**Деректер:** Турсунбаев А.Б. Из истории крестьянского переселения в Казакстан. Ал.,1950. С-24; Центральное статистическое управление. Экономический обзор КССР. Оренбург, 1923. С-225].

Қазақ жеріне орыс шаруаларының қоныстану ерекшелігін Ә. Бөкейхан төмендегідей түсіндірген еді: «...Қоныстандыру үздіксіз және белгілі бір дәрежеде ұтымды жүргізілді.Әдетте Ақмола облысына қоныстанғылары келетіндер мұнда шолғыншылар жіберді. Олар қолайлы жерлерді қарастырды, қазақтардан аз ғана жерді жартылай немесе аз ғана төлеммен жалға алды, жерді жыртты және егін екті, сөйтіп, топырақтың және жердің сапалығына қарай бұл жерді заңды құжаттармен белгілі бір мерзімге шартқа отырғызды. Жаңа қоныстанушылар өздерінің жерлерінің жоғарысапалығына көздері жеткен соң,өздеріне жерлестерін шақыра немесе кезбе орыс қоныстанушыларын қабылдай бастады. Осылайша қазақ даласының ортасында деревнялардың барлықжабдықтарын иемденгенбірнеше ондаған үйден тұратын орыс поселоктары пайда болды» [8, 55].

Өлкетанушы Клара Әмірқызының «Атақоныс Ақиқат» атты кітабында Ақмола өңіріне: «...переселендер шұбырып келіп қоныстанып, поселкелер, кенттер сала бастаса, ал 1870 жылдардан кейін мұндай көшіп-қону патша үкіметінің тікелей басқаруы мен бағыттауымен жүзеге асқан. Мысалы Балқашын болысына қараған 6 қоныс Балкашин – 1878 жылы, Петровское – 1878 жылы, Максимовская – 1890, Василевское – (Сосоновское) – 1896 жылы, Владимировское – 1878 жылы, Каменское – 1890 жылдары салынған»[12]

Осылайша жоғарыда аталған К. Әмірқызының кітабында тек Ақмола облысында 734 елді мекендер орысша атауға ие болып, оның 3-4% ғана байырғы атауымен аталатыны айтылып қана қоймай, олардың көпшілігінің қай қазақ ауылынан ірге тепкені, деректерге сүйене отырып айқындалады. Бос жатқан даланың болағанын айқын дәлелдей келіп, жүздеген ауылдың байырғы атаулары мен оны қоныстанған қазақтардың руы, саны, мал саны мұрағаттарға сүйене отырып көрсетілген.

Ақмола облысында қоныстанушылардың көбейгені соншалық 1897 жылғы санақ бойынша, келімсектер облыстың 37,4 % құраған [9]. Оған себеп: қоныс аударуға байланысты шектеулер жойылып, миграцияны қолдау жөнінде үкімет бағдарламалары қабылданған болатын.

Ақмолаоблысының этникалық келбетін өзгертуде қоныстандыру маңызды рөл атқарды. 3 852 адамнан тұратын алғашқы казак станицалары Көкшетау уезінің ең жайлы жерлеріне қоныстандырылды. Көкшетау уезінен кейін казак станицалары Ақмола және Атбасар уездерінде де пайда бола бастады [10, 54]. Жер тапшылығын көрген қазақтардың кейбірі

құнарсыз жерлерге кетсе, өз жерінде қалғысы келгендерге ақша төлеуіне тура келді. Алғашқы кезде төлемдер малмен жүргізілсе, кейіннен ақшалай жүргізілді. Жерді жалға алу құны 100 қарадан бір қара, 100 қойдан бір қой алынды. Малы көп қазақ үшін бұл жеңіл болғандықтан қазақ бұған қарсы болмады. Уақыт өте келе аренда құны жоғарылап, төлемдер ақшамен алына бастады. Ақмола облысының мал шаруашылығы күйзеліске ұшырай бастады. Мәселен, Павлодар уезі Алтынай болысы №4 ауылдың бірқатары бір табан жерге жылына арендаға 1889 жылға шейін 20 сом, ал 1894 жылға шейін 65 сом, (бес жылда аренда 38,5% артқан), 1896 жылға шейін 150 сом (соңғы жеті жылда 66,6 % артқан) төлеген. 1897 жылы бұл ауылхалқы 360 сом жинап берген. Байқасақ, он үш жыл ішінде жалға алу құны 65 сомнан жылына 360 сомға өскенін, яғни 500,5%-ға артқанын көреміз [11, 63].

1895 жылғы қоныстандыруға бөлінген жер көлемі Ақмола облысында 6 млн. 514 мың десятина жерді құрады. Бұл көрсеткіш басқа облыстармен салыстырғанда алдыңғы орында тұрды.

Ақмола облысында 1900 – 1915 жылдардағы қоныстану турлері переселен учаскелерінің көп шоғырлануымен ерекшеленді. Ақмола облысында переселен учаскелернің саны – 2 870 (жер көлемі 5 676 282 десятина)[9, 95].

1915 жылға қарай қоныстану түрі түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Барлық облыстарда бірдей халықтың орналасуы тығыздана түсті, осы себепті қоныстанушылардың тұрақтары көбіе бастады. Ақмола облысы бұл процесте маңызды аймақ ретінде ерекшеленіп, Атбасар – Көкшетау аймағында және Ақмола қаласына жақын маңайда жаңа қоныстар пайда бола бастады. Қоныстанушылардың негізгі ілегі Ақмола облысының солтүстік жағында, әсіресе облыстың казактар мекендеген солтүстік шекаралары бойында, Есіл өзені алқабының солтүстігінде, Атбасар мен Көкшетау қалаларында және Ақмола қаласы маңындағы өзен алқаптары бойында өте тығыз орналасты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абуев Қ.Қ. Қазақстан: тарих және тағылым. – Астана: Елорда, 2006. – 320 б.
2. Әсіп С. Қазақ қасіреті.- Алматы,1994.
3. Этнoсы Ақмoлинскoгo Приишимья: истoрия и сoвременнoсть. - Астана, 2009 – 280 с.
4. Бекмаханoвa Н.Е. Мнoгoнациoнальнoе населeниe Кaзахстaнa и Киргизии в эпoху кaпитaлизмa (60-е гoды XIX в. – 1917г.).- Мoсквa, 1986.
5. Волoсти и населeниe мeстa 1893 г. Вывoск I. Ақмoлинскaя oблaсть.- СПб -1893.
6. Oбзoр Ақмoлинскoй oблaсти зa 1894 г. – Oмск, 1896 – 100 с.
7. Oбзoр Ақмoлинскoй oблaсти зa 1895 г. – Oмск, 1897 – 100 с.
8. Бoкeйхaн A. Истoричeские судьбы киргизскoгo крaя и кyльтyрные eгo yспeхи: – Aлмaты, 1993 – 420 с.
9. Дeмкo Дж. Oрыстapдың Қaзaқcтaнды oтapлaуы (1896-1916)- Aлмaты. 1997 - 230 б.
10. Пaмятнaя книжкa Ақмoлинскoй oблaсти нa 1887 г. – Oмск- 1887. – 70 с.
11. Шoнaнoв Т. Қaзaқ жeрі мaсeлecінің тapиxы- Aстaнa - 2007 - 328 б.
12. Әмipқызы К. Aтaқoныс - Aмaнaт - Aлмaты: Дaйк-Пpесс, 2002.- 181 б.

ӘОЖ 94

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ – ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

Ержан Айгерім

A_kom94@mail.ru

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті,
Тарих факультетінің ИО-41 тобының студенті
Ғылыми жетекші: Амрина М.С. т.ғ.к., доцент